

Тез өсетін ағаш және бұта тұқымдыларды плантацияларға отырғызуға және оларды өсіруге, жекеше орман питомниктерін құруға және дамытуға жұмсалатын шығыстарды өтеу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-02/169 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 10 шілдеде № 11633 тіркелді.

Қазақстан Республикасының Орман кодексінің 13-бабының 18-35) тармақшасына сәйкес және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 08.11.2022 № 687 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған тез өсетін ағаш және бұта тұқымдыларды плантацияларға отырғызуға және оларды өсіруге, жекеше орман питомниктерін құруға және дамытуға жұмсалатын шығыстарды өтеу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануға жіберілуін;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы

Министрінің міндетін атқарушы

С. Омаров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрі

Б. Сұлтанов

2015 жылғы 30 наурыз

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрі
_____ Е. Досаев
2015 жылғы "___" _____

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
міндетін атқарушының
2015 жылғы 27 ақпандағы
№18-02/169 бұйрығымен
бекітілген

Тез өсетін ағаш және бұта тұқымдыларды плантацияларға отырғызуға және оларды өсіруге, жекеше орман питомниктерін құруға және дамытуға жұмсалатын шығыстарды өтеу қағидалары

Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда - ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 08.11.2022 № 687 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалар Қазақстан Республикасы Орман кодексінің 13-бабының 18-35) тармақшасына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және тез өсетін ағаш және бұта тұқымдыларды плантацияларға отырғызуға және оларды өсіруге, жекеше орман питомниктерін құруға және дамытуға жұмсалатын шығыстарды өтеу тәртібін, сондай-ақ "Тез өсетін ағаш және бұта тұқымдыларды плантацияларға отырғызуға және оларды өсіруге, жекеше орман питомниктерін құруға және дамытуға жұмсалатын шығыстарды өтеу" мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар мен анықтамалар пайдаланылады:

1) бюджеттік бағдарламаның әкімшісі (бұдан әрі – әкімші) – орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның ведомствосы;

2) жекеше орман питомниктерін құру және дамыту - ормандарды көгалдандыру, молықтыру және орман өсіру үшін жобалау-ізвестіру және құрылыс-монтаждау жұмыстарының, ағаш және бұта тұқымдарын өсіруді қамтитын орман питомниктерін құру және дамыту жөніндегі жұмыстарды жүрізу циклы болып табылады;

3) жұмыс органы – қатысушылардың (көрсетілетін қызметті алушылардың) өтінімдерін қарауға және шығыстарды өтеуді төлеу/бас тарту туралы шешім

қабылдауға уәкілетті орман шаруашылығы саласындағы облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органы;

4) мемлекеттік қолдау субъектілері (бұдан әрі – қолдау субъектілері) – жабайы өсетін ағаш және бұта тұқымдылары плантацияларын отырғызу және өсіру жөніндегі, жеке орман питомниктерін құру және дамыту жөніндегі қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматтары және шетелдік қатысуы жоқ Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары;

5) тез өсетін ағаш және бұта тұқымдылары плантацияларын отырғызу және өсіру – жобалау-іздігіру жұмыстарынан бастап сүрек дайындауға дейінгі ағаш және бұта өсімдіктерінің сүрегін өндірудің толық циклі;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

6) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 26.05.2026 № 100 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6) "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – веб-портал) – электрондық нысанда көрсетілетін, нормативтік-құқықтық базаны қоса алғанда, бүкіл шоғырланған үкіметтік ақпаратқа және мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және мемлекеттік сыңайлы сектор субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесі болатын ақпараттық жүйе болып табылады;

7) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі - ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы.

2-тарау. Тез өсетін ағаш және бұта тұқымдылары плантацияларын отырғызуға және өсіруге, жеке орман питомниктерін құруға және дамытуға арналған шығыстарды өтеу тәртібі

3. Жеке орман өсіруді мемлекеттік қолдау арқылы жүзеге асырылады:

1) өтеу елу пайызға дейін мен өсіруге жұмсалатын шығыстарды плантацияларын өнеркәсіптік және энергетикалық мақсаттарда:

жалпы саны екпелер (көшеттер) ағаш шегіршін есеппен 1 гектарға арналған шығындардың бір жылға, бірақ 0,01 айлық есептік көрсеткіш үшін бір бірлігіне ағаш;

жалпы саны екпелер (көшеттер) сексеуіл есеппен 1 гектарға арналған шығындардың бір жылға, бірақ 0,01 айлық есептік көрсеткіш үшін бір бірлігіне ағаш;

жалпы саны екпелер (көшеттер) сексеуіл, қара есеппен 1 гектарға арналған шығындардың бір жылға, бірақ 0,011 айлық есептік көрсеткіш үшін бір бірлігіне ағаш;

жалпы саны екпелер (көшеттер) кәдімгі қарағай келген шығындарды есептеу 1 гектар үшін екі жыл, бірақ 0,008 айлық есептік көрсеткіш үшін бір бірлігіне ағаш;

жалпы саны екпелер (көшеттер) жапырақты (шегіршін мелколистный, клен ясенелистный) есебінен шығындардың 1 гектар үшін екі жыл, бірақ 0,017 айлық есептік көрсеткіш үшін бір бірлігіне ағаш;

жалпы саны екпелер (көшеттер) басқа да тез өсетін ағаш және бұта есеппен 1 гектарға арналған шығындардың бір жылға, бірақ 0,01 айлық есептік көрсеткіш үшін бір бірлігіне ағаш;

2) өтеу елу пайызға дейін құру және дамытуға жұмсалатын шығыстарды жекеше орман питомниктерін:

жалпы саны екпелер (көшеттер) ағаш шегіршін есеппен 1 гектарға арналған шығындардың бір жылға, бірақ 0,01 айлық есептік көрсеткіш үшін бір бірлігіне ағаш;

жалпы саны екпелер (көшеттер) сексеуіл есеппен 1 гектарға арналған шығындардың бір жылға, бірақ 0,01 айлық есептік көрсеткіш үшін бір бірлігіне ағаш;

жалпы саны екпелер (көшеттер) сексеуіл, кара есеппен 1 гектарға арналған шығындардың бір жылға, бірақ 0,011 айлық есептік көрсеткіш үшін бір бірлігіне ағаш;

жалпы саны екпелер (көшеттер) кәдімгі қарағай келген шығындарды есептеу 1 гектарына екі, бірақ көп емес 0,008 айлық есептік көрсеткіш үшін бір бірлігіне ағаш;

жалпы саны екпелер (көшеттер) жапырақты (шегіршін мелколистный, клен ясенелистный) есебінен шығындардың 1 гектар үшін екі жыл, бірақ 0,017 айлық есептік көрсеткіш үшін бір бірлігіне ағаш;

жалпы саны екпелер (көшеттер) басқа да тез өсетін ағаш және бұта есеппен 1 гектарға арналған шығындардың бір жылға, бірақ 0,01 айлық есептік көрсеткіш үшін бір бірлігіне ағаш.

4. Жекеше орман өсіруді мемлекеттік қолдау мынадай мерзімдерден аспайды:

1) тез өсетін ағаш және бұта тұқымдыларын өнеркәсіптік және энергетикалық мақсаттарда жапырақты тұқымдықтар үшін он жылдан аспайтын, қылқан жапырақты тұқымдар үшін он бес жылдан аспайтын плантациялық өсіру жағдайларында жүргізіледі;

2) жапырақты тұқымдықтар үшін бес жылдан аспайтын, қылқан жапырақты тұқымдықтар үшін он жылдан аспайтын жекеше орман питомнигін құру және дамыту болып табылады.

5. Шығыстарды өтеу шығарылатын өнім көлемінің ең төменгі көрсеткіштеріне қол жеткізілген кезде жүзеге асырылады:

1) тез өсетін ағаш және бұта тұқымдыларының плантацияларын отырғызу мен өсіруге 1 гектарға кемінде 500 екпе және (немесе) екпе егуге;

2) жекеше орман питомниктерін құруға және дамытуға 1 гектарға 200 000-нан кем емес екпе немесе кемінде 5 000 түп көшет немесе қаламұш көшеттерін отырғызуға және дамытуға құқығы бар.

6. Тез өсетін ағаш және бұта тұқымдыларды плантацияларға отырғызуға және оларды өсіруге, жекеше орман питомниктерін құруға және дамытуға арналған

шығыстарды өтеу көлемдері жөніндегі ұсыныстар (бұдан әрі – өтеу көлемдері жөніндегі ұсыныстар) екі данада жасалады және облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің, ол болмаған жағдайда – оның міндетін атқаратын адамның, сондай-ақ орман екпелерін отырғызу және өсіру шығыстарын өтеу көлемдері жөніндегі ұсыныстар тиісті жылдың 1 шілдесінен кешіктірмей әкімшінің мақұлдауына ұсынады.

Өтеу көлемі бойынша ұсынысты әкімшінің мақұлдауына ұсынған кезде осы Қағидаларда белгіленген талаптарды ескере отырып, өтеу көлемі бойынша есеп айырысуды негіздейтін құжаттар қоса беріледі.

Оң шешім қабылданған жағдайда, Әкімші тиісті ілеспе хатпен субсидиялау көлемі жөніндегі ұсыныстың бір данасын тиісті жылдың 30 шілдесінен кешіктірмей қайтарады. Теріс шешім қабылданған жағдайда Әкімші дәлелді негіздемесі бар хатпен тиісті жылдың 30 шілдесінен кешіктірмей өтеу көлемі жөніндегі ұсыныстың екі данасын да пысықтауға жібереді.

Өтеу көлемі бойынша екі данада пысықталған ұсыныстар әкімшінің қайта мақұлдауына тиісті жылдың 5 тамызынан кешіктірілмей беріледі.

Әкімші тиісті ілеспе хатпен мақұлданған ұсыныстың бір данасын өтеу көлемі бойынша тиісті жылдың 10 тамызынан кешіктірмей қайтарады.

Әкімші мақұлдағаннан кейін жұмыс органы екі жұмыс күні ішінде өтеу көлемін өзінің ресми интернет-ресурсында орналастырады.

7. Жергілікті атқарушы орган (көрсетілетін қызметті беруші) мемлекеттік мекемелердің міндеттемелері мен төлемдері бойынша жеке қаржыландыру жоспары (бұдан әрі – қаржыландыру жоспары) бекітілгеннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде оны веб-порталда орналастырады.

8. Плантацияларды отырғызуға және өсіруге, жекеше орман питомниктерін құруға және дамытуға арналған шығыстарды өтеу тиісті қаржы жылына арналған мемлекеттік бюджетте көзделген қаражат есебінен және шегінде жүзеге асырылады. Бюджетте плантацияларды отырғызуға және өсіруге, жекеше орман питомниктерін құруға және дамытуға арналған шығыстарды өтеуге көзделген қаражат жергілікті атқарушы органдар арасында берілген ұсыныстарға сәйкес өтеу көлемі бойынша тепе-тең бөлінеді.

Егер өтеу көлемі жөніндегі ұсыныстар тиісті қаржы жылына арналған мемлекеттік бюджетте көзделген бюджет қаражатының көлемінен асып түскен жағдайда, шығыстарды төлеу келесі жылы өтеу көлемі бойынша бұрын берілген ұсыныстарға сәйкес пропорционалды түрде жүзеге асырылады.

9. Жеке орман питомниктерін құруға және дамытуға байланысты өндірістік мақсаттағы күрделі құрылыс объектілерін қоспағанда, осы Қағидалар шеңберінде өтеуге құрылысқа және (немесе) жөндеуге байланысты шығыстар жатпайды.

10. "Оңалту және банкроттық туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 50-бабына сәйкес өздеріне қатысты тарату, оңалту немесе банкроттық рәсімдері басталған қолдау субъектілеріне шығыстарды өтеу берілмейді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

11-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 26.05.2026 № 100 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Плантацияларды отырғызуға және өсіруге, жеке орман питомниктерін құруға және дамытуға арналған шығыстарды өтеу үшін Қолдау субъектісі ағымдағы жылдың 30 қыркүйегінен кешіктірмей веб-портал арқылы осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің (бұдан әрі - талап) 8-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынады.

Жеке басты куәландыратын құжаттар және заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), жер учаскелері туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

12. Жұмыс органы қолдау субъектісінің өтінішін веб-порталда тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығы мен дұрыстығын тексереді және көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинеті арқылы жұмыстарды қарау және қабылдау күні мен уақыты туралы хабарлама немесе дәлелді бас тарту жібереді.

Көрсетілетін қызметті беруші 10 (он) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттарда көрсетілген мәліметтердің дұрыстығына құжаттарды зерделеуді, осы Қағидалардың 13-тармағына сәйкес Комиссияның жұмыстарды қарауы мен қабылдауын ұйымдастырады.

13. Жыл сайын тиісті жылдың 30 қыркүйегінен кешіктірмей жұмыс органы жұмыс органының және қоғамдық және үкіметтік емес салалық ұйымдардың өкілдері болып табылатын басқа да ұйымдардың қызметкерлері қатарынан кемінде 5 (бес) адамнан орындалған жұмыстарды қабылдау жөніндегі комиссияны (бұдан әрі - комиссия) құрады. Комиссия мүшелерінің саны тақ болып табылады.

Комиссия құрамына комиссия мүшелерінің жалпы санынан қоғамдық және үкіметтік емес салалық ұйымдар өкілдерінің кемінде үштен екісі кіреді.

Комиссия төрағадан, комиссия мүшелерінен және хатшыдан тұрады. Комиссия хатшысы оның мүшесі болып табылмайды. Жұмыс органының лауазымды адамы комиссияның төрағасы болып табылады.

Комиссияның ережесі мен дербес құрамын жұмыс органы бекітеді.

Комиссия мүшелері өз өкілеттіктерін үшінші тұлғаларға қайта сенім білдіру құқығынсыз жеке жүзеге асырады.

Комиссия отырыстары, егер оған Комиссия мүшелерінің жалпы санының жартысынан астамы қатысса, заңды деп есептеледі.

Комиссияның шешімдері оның отырысына қатысып отырған Комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы қабылданады.

Комиссия мүшелері шешім қабылдау кезінде тең дауысқа ие болады. Дауыстар тең болған жағдайда, комиссия төрағасы дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

Комиссия мүшесінде мүдделер қақтығысы туындаған кезде, мүдделер қақтығысы туындаған комиссия мүшесі туындаған мүдделер қақтығысы туралы комиссия төрағасын жазбаша нысанда хабардар етеді.

Комиссия төрағасы мүдделер қақтығысы туындаған комиссия мүшесінің өтініші бойынша мүдделер қақтығысы туындаған комиссия мүшесін комиссия жұмысына қатысудан уақтылы шеттетеді.

Комиссия растайтын фото және (немесе) бейнематериалдарды, сондай-ақ орман питомниктерін және (немесе) плантацияларды (бар болса) түгендеу актілерін қоса бере отырып, құжаттарды тексеруді, плантациялар мен жеке орман питомниктерін қарап-тексеруді жүзеге асырады.

Әрбір плантацияға, жеке орман питомнигіне жұмыс органының кемінде 2 (екі) қызметкері жіберіледі.

Жұмыстарды қарап-тексеру және қабылдау қолдау субъектісінің немесе оның сенім білдірілген адамының қатысуымен жүзеге асырылады. Қарап тексеру және қабылдап алу нәтижелері бойынша жұмыс органының қызметкерлері осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша орындалған жұмыстарды қабылдап алу актісін (бұдан әрі-қабылдап алу актісі) ресімдейді, оның көшірмесі 3 (үш) жұмыс күні ішінде қолдау субъектісіне немесе оның сенім білдірілген тұлғасына жіберіледі.

14. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескерілген өзге де мәліметтер талаптарда жазылған.

15. Көрсетілетін қызметті беруші талаптың 9-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады және көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарлама береді.

16. Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 73-бабына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешімге өз ұстанымын білдіруге (тыңдауға) мүмкіндік береді, ол туралы көрсетілетін қызметті алушы шешім қабылданғанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етіледі.

Тыңдау рәсімі Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шығыстарды өтеуге арналған өтінімді қарау

нәтижелері туралы хабарлама не мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту береді, ол көрсетілетін қызметті алушыға веб-портал арқылы жіберіледі және көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

17-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 26.05.2026 № 100 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректер енгізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 14 маусымдағы № 452 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8555 болып тіркелген) белгіленген тәртіппен мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректерді енгізуді қамтамасыз етеді.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 23-бабының 2-тармағына сәйкес орталық мемлекеттік орган және көрсетілетін қызметті берушілер мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт бекітілген немесе өзгертілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оны көрсету тәртібі туралы ақпаратты жаңартады және Бірыңғай байланыс-орталығына жібереді.

3-тарау. Тез өсетін ағаш және бұта тұқымдылары плантацияларын отырғызуға және өсіруге, жекеше орман питомниктерін құруға және дамытуға арналған шығыстарды өтеуді төлеу тәртібі

18. Шығыстарды өтеуді мақұлдау туралы хабарламаны алғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн ішінде тез өсетін ағаш және бұта тұқымдылары плантацияларын отырғызуға және өсіруге, жекеше орман питомниктерін құруға және дамытуға арналған шығыстарды өтеу туралы хат беріледі.

19. Жұмыс органы тез өсетін ағаш және бұта тұқымдылары плантацияларын отырғызуға және өсіруге, жекеше орман питомниктерін құруға және дамытуға арналған шығыстарды өтеу туралы хат берілгеннен кейін күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде қаржыландыру жоспарына сәйкес қолдау субъектілеріне екінші деңгейдегі банктердің шоттарына төлеуді жүзеге асырады.

20. Шығыстарды өтеуді алған қолдау субъектісі бір күнтізбелік жыл ішінде осы Қағидалардың 5-тармағында көзделген шығарылатын өнім көлемінің ең төменгі көрсеткіштерін сақтайды.

21. Осы Қағидалардың 20-тармағының сақталуына мониторингті жүзеге асыру үшін жұмыс органы шығыстардың өтелуін алған қолдау субъектісінен шығарылатын өнім көлемінің ең төменгі көрсеткіштеріне қол жеткізу жөніндегі ақпаратты сұратады.

Қолдау субъектісі сұратылған ақпаратты 10 (он) жұмыс күні ішінде жұмыс органына ұсынады.

22. Жұмыс органы осы Қағидалардың 13-тармағына сәйкес осы Қағидалардың 20-тармағының сақталуы тұрғысынан қарап-тексеру жүргізеді.

23. Қолдау субъектісі шығарылатын өнім көлемінің ең төменгі көрсеткіштеріне қол жеткізбеген жағдайда, жұмыс органы факті анықталған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде шығыстарды өтеуді тоқтату бойынша шаралар қабылдайды және қолдау субъектісін хабардар ете отырып, ақша қаражатын қайтару бойынша сот талқылауына бастамашылық етеді.

Қолдау субъектісі алынған ақшаны өз еркімен қайтара алады.

24. Жұмыс органы тоқсан сайын, есепті айдан кейінгі айдың 5-күнінен кешіктірмей әкімшіге шығыстардың өтелуін игеру туралы мәліметтерді ұсынады.

4-тарау. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

25. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымды қарауды орман шаруашылығы саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын лауазымды адам, жоғары тұрған уәкілетті орган, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізеді.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға беріледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда

көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермейді.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа шағыммен жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

Тез өсетін ағаш және бұта
тұқымдылары плантацияларын
отырғызуға және өсіруге,
жекеше орман питомниктерін
құруға және дамытуға арналған
шығыстарды өтеу қағидаларына
1-қосымша

Нысаны

Тез өсетін ағаш және бұта тұқымдылары плантацияларын отырғызуға және өсіруге және жекеше орман питомниктерін құруға және дамытуға жұмсалатын шығыстарды өтеуге өтініш

— (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының толық атауы)

— (заңды тұлғаның толық атауы, тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) жеке тұлғаның) Шығыстарды өтеуді:

тез өсетін ағаш және бұта тұқымдылары плантацияларын отырғызуға және өсіруге; жекеше орман питомниктерін құру және дамыту; (Қызмет түрінің атауын таңдау)

оның ішінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-02/169 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11633 болып тіркелген) Тез өсетін ағаш және бұта тұқымдылары плантацияларын отырғызуға және өсіруге, жекеше орман питомниктерін құруға және дамытуға арналған шығыстарды өтеу қағидаларының талаптарына сәйкестігі немесе сәйкес еместігі тұрғысынан жұмыстарды қарау және қабылдауды жүргізуді сұраймын.

1. Қолдау субъектісі туралы мәліметтер:

Заңды тұлғаның/ филиалдың, өкілдіктің:

атауы _____

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН) _____

басшының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі _____

мекенжайы: _____

телефон (факс) нөмірі: _____

Жеке тұлға үшін:

аты, әкесінің аты (бар болса), тегі _____

Жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі - ЖСН) _____

жеке басын куәландыратын құжат:

нөмірі _____

кім берді _____

берілген күні _____

мекенжайы: _____

телефон (факс) нөмірі: _____.

2. Жеке кәсіпкер ретінде қызметін бастағаны туралы хабарлама:

орналасқан жері _____

хабардар еткен күн _____

3 . Жер учаскелері туралы мәліметтер:

№ р/с	Кадастрлық нөмірі	барлық Алаңы, га	Нысаналы мақсаты	Жер учаскесі иесінің немесе жерді пайдаланушының БСН/ЖСН-сы
1	2	3	4	5

4. Мәліметтер:

сипаттамасы _____

жүзеге асыру кезеңінде жеке меншік орман өсіру үшін _____

шығыстар сомасы _____

көзі қаржылық қаражаттың есебінен олардың іске асырады қызметі

есеп айырысу сомасы өтеу _____

мекенжайы іске асыру плантацияларын және (немесе) орман питомнигін _____

_____.

5. 20__ жылғы _____ дейінгі кезеңде қосылған құн салығын қоса алғанда, _____ теңге мөлшерінде жұмсалған шығыстардың жалпы сомасына.

6. Өндіргіштігі және/немесе өнімділігі және/немесе өнімді өткізу көлемдері және/немесе өндірістік қуаттылықтар жүктемесі бойынша көрсеткіштерінің жетістіктері және оларды іске асыру мерзімдері туралы ақпарат: _____.

7. Субъектінің шоты _____ және шот № _____.

(екінші деңгейдегі банктің атауы)

Жұмыс органының жұмыстарды қарауына және қабылдауына келісім беремін.

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын, дұрыс емес мәліметтер ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік туралы

хабардармын және заңмен қорғалатын құпиядан тұратын мәліметтерді пайдалануға, сондай-ақ дербес деректерді жинауға, өңдеуге, сақтауға, шығарып алуға және пайдалануға келісім беремін.

Маған/бізге қатысты жою, оналту немесе банкроттық рәсімдердің басталмағандығын, сондай-ақ менің/біздің қызметім(-із) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уақытша тоқтатылмағандығын растаймын/растаймын.

Тексеру кезінде ұсынылған мәліметтердің сәйкессіздігі анықталған жағдайда, он жұмыс күні ішінде заңсыз алынған ақшалай қаражатты қайтарамын.

Қол қоюға жіберілді субъектісі қолдау ____ сағат " ____ " ____ 20__ жылғы:

Деректерді электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ)

Күні және уақыты қол қойылған ЭЦҚ

Өтінімді қабылдау туралы хабарлама:

Қабылданған жұмыс органы ____ сағат " ____ " ____ 20__ жылғы:

Деректер қорынан ЭЦҚ

Күні және уақыты қол қойылған ЭЦҚ

Тез өсетін ағаш және бұта
тұқымдылары плантацияларын
отырғызуға және өсіруге,
жекеше орман питомниктерін
құруға және дамытуға арналған
шығыстарды өтеу қағидаларына
2-қосымша

Нысаны

Орындалған жұмыстарды қабылдау актісі 20__ жылғы _____ № ____

— (тез өсетін ағаш және бұта тұқымдылар плантацияларын отырғызу және оларды өсіру,

жекеше орман питомниктерін құру және дамыту (керегінің асты сызылсын)

— Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атауы

Қолдау субъектісінің атауы: _____

— Объектінің орналасқан жері:

Комиссия негізінде құрылған _____

____ 20__ __ жылғы № _____, құрамында:

1. _____

2. _____
3. _____
4. _____
5. _____

Тексеру барысында мыналар анықталды:

1) Орманшылық _____, тұқымбақ _____, орам № _____

2) Топырақ – ашық, жабық (керегін сызыңыз)

3) Түрі _____ отырғызылған жылы (егудің) _____

отырғызу материалының (тұқымдық) түрі

4) _____ селекциялық, ТОТП жиналған тұқым

5) Учаскенің аумағы _____ гектар, көшеттер отырғызудың егу схемасы (орналастыру) _____ жазықтардың, тізбектердің, қатарлардың саны _____ дана, жазықтардың, тізбектердің, қатарлардың орташа ұзындығы _____ метр

6) Жазықтардың, тізбектердің, қатарлардың жалпы ұзындығы _____ метр

7) 1 гектарға отырғызылған екпелердің саны _____ дана

8) _____ кума метрдегі есептік учаскенің бөлігінің ұзындығы немесе есептік алаңның аумағы _____ шаршы метр.

9). Табиғи түрдегі іріктеу нәтижесі:

С ы н а қ алаңының (есептік қатар) №	Есептік қатардағы немесе сынақ алаңындағы тұқымдардың (көшеттер) саны, дана		С ы н а қ алаңының реттік нөмірі (есептік алаң)	Есептік қатардағы немесе сынақ алаңындағы тұқымдардың (екпелер) саны, дана	
	барлығы	Оның ішінде стандартты (жылдық отырғызуға)		барлығы	Оның ішінде стандартты (жылдық отырғызуға)
1	2	3	1	2	3
1					
2			6		
3			7		
4			8		
5			9		
Сынақтағы барлығы			10		

10) 1 кума метрдегі тұқымдардың (екпелер) орташа саны, (шаршы метрде) есептеу бойынша _____ дана, соның ішінде стандарттысы _____ мың дана

11) Учаскенің барлық аумағындағы тұқымдардың (екпелер) жалпы саны _____ мың дана 1 гектарда _____ мың дана, соның ішінде стандарттысы : учаскенің барлық аумағында _____ мың дана, бір гектарда _____ мың дана

Қорытынды тексеру:

№ р/с	жұмыстардың Атауы және (немесе) сатып алуға жұмсалатын материалдар	өлшем Бірлігі	Саны	Жалпы құны, теңге		
				Барлығы	, оның ішінде	
					Негізгі жалақы	Өзге шығыстар
	Барлығы					
	, оның ішінде ҚҚС					

Сомасы, шығыстардың құрады _____ теңге (цифрмен, жазбаша)

—

—

"__" _____ 20__ жыл

Комиссиясы орындалған жұмыстарды қабылдау жөніндегі құрамында

—

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), қолы)
растайды жүргізу кестесінде көрсетілген шығыстар сомасын.
Актіге растайтын фото және (немесе) бейнематериалдар.
Қолдау субъектісінің (қолдау субъектісі өкілінің) қолы: _____
(сенімхат № _____)

Тез өсетін ағаш және бұта тұқымдылары плантацияларын отырғызуға және өсіруге, жекеше орман питомниктерін құруға және дамытуға арналған шығыстарды өтеу қағидаларына
3-қосымша

"Тез өсетін ағаш және бұта тұқымдылары плантацияларын отырғызуға және өсіруге, жекеше орман питомниктерін құруға және дамытуға арналған шығыстарды өтеу" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі		
1	Атауы көрсетілетін қызметті берушінің	Жергілікті атқарушы органдар, облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші)
2	Тәсілдері, мемлекеттік қызметті көрсету	үшін өтініштерді Қабылдау және нәтижелерді беру арқылы жүзеге асырылады веб-портал

3	мемлекеттік қызмет көрсету Мерзімі -	15 (он бес) жұмыс күні
4	мемлекеттік қызметті көрсету Нысаны:	Электрондық (толық автоматтандырылған)
5	мемлекеттік қызмет көрсету Нәтижесі -	Жекеше орман өсіруді мемлекеттік қолдау немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту шеңберінде шығындарын өтеуді мақұлдау туралы хабарлама. Нысаны мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну: электрондық. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі жолданады және басшысының көрсетілетін қызметті берушінің не оның орнындағы адамның электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қол қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының " жеке кабинетінде" сақталады.
6	Қазақстан Республикасының заңнамада көзделген жағдайларда көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері, және оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі
7	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс графигін	1) көрсетілетін қызметті берушінің – дүйсенбіден бастап жұмаға дейін, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа күн, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін. 2) веб-портал – тәулік бойы, техникалық үзілісті қоспағанда жүргізуге байланысты жөндеу жұмыстары (өтініш берген кезде көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін , демалыс және мереке күндері Кодексіне сәйкес, өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).

		Көрсетілетін қызметті берушілердің мекенжайлары: 1) интернет-ресурсында тиісті көрсетілетін қызметті беруші; 2) бірыңғай тұғынамасында интернет-ресурстарын мемлекеттік органдардың https://beta.egov.kz; 3) веб-порталда орналастырылады.
8	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесін	1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тез өсетін ағаш және бұта тұқымдылары плантацияларын отырғызуға және өсіруге, жекеше орман питомниктерін құруға және дамытуға арналған шығыстарды өтеуге арналған электрондық өтініш ; 2) "PDF (Portable Document Format)" электрондық форматындағы құжаттар түпнұсқаларының: орындалған жұмыстардың растайтын құжаттарының (тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) берушілердің актілері, электрондық шот-фактуралар, түбіртектер) сканерленген көшірмелері; 3) жеке меншік құқығында орман өсіру үшін нысаналы мақсаты бар жер учаскесіне арналған Акт немесе плантациялар үшін ауданы кемінде 3 гектар және жеке орман питомниктері үшін кемінде 1 гектар жалдау шарты.
9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	1) белгілеу құжаттардың анық еместігі және (немесе) құжаттардың жарамдылық мерзімі өткен, ұсынылған көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті алу үшін, және (немесе) деректер (мәліметтер), олардағы; 2) сәйкес келмеуі көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) ұсынылған материалдарды, объектілерді, деректерді және мәліметтерді мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті, Орман кодексінің талаптарына және осы ереженің;

		3) оған қатысты субъектінің қолдау, заңды күшіне енген шешім (үкім) тыйым салу туралы сот қызметін немесе қызметінің жекелеген түрлерін талап ететін осы мемлекеттік қызметті алу
10	Мемлекеттік, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызметті көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар	Көрсетілетін қызметті алушы ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті веб-портал арқылы электрондық нысанда алады. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде веб-порталдағы "жеке кабинеті", көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтері, сондай-ақ "1414", 8-800-080-7777 бірінғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.

Тез өсетін ағаш және бұта тұқымдылары плантацияларын отырғызуға және өсіруге, жекеше орман питомниктерін құруға және дамытуға арналған шығыстарды өтеу қағидаларына 4-қосымша

Нысаны

Шығыстарды өтеуге арналған өтінімді қарау нәтижелері туралы хабарлама № _____
жылғы "___" _____ 20___ жылғы

Жұмыс органының атауы _____

(толық атауы-облыстың жергілікті атқарушы органының, республикалық маңызы бар қаланың, астананың)

Субъектінің атауы қолдау

(заңды тұлғаның толық атауы, тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) жеке тұлғаның)
Бағыт жекеше орман өсіруді мемлекеттік қолдау

(Қазақстан Республикасы Орман кодексінің 112-1-бабына сәйкес)

Өтініш берген күні "_____ " _____ 20___ жылғы

Шешім

күні

Деректерді электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ)

Күні және уақыты қол қойылған ЭЦҚ

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК